



UNESCO Chair in Education
science and Teacher Training

Abai Kazakh National
Pedagogical University



**Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы
Педагогика және мұғалімдерді даярлау жөніндегі ЮНЕСКО
кафедрасының 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары бойынша
ЕСЕБІ**

Абай атындағы ҚазҰПУ
жанындағы Педагогика
және мұғалімдерді
даярлау жөніндегі
ЮНЕСКО кафедрасының
меңгерушісі

Алматы, 2023 ж.

Педагогика және мұғалімдерді даярлау жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасы (түпнұсқа атауы – UNESCO Chair in Education science and Teacher Training) Халықаралық ынтымақтастық департаменті құрамында қызмет етеді.

Кафедраның мақсаты – жүйелі ғылыми-зерттеу, оқу, ақпараттық және құжаттамалық қызмет арқылы жоғары білім беруді дамытуға және педагогикалық кадрларды қайта даярлауға ықпал ету.

2020-2021 оқу жылы

2020-2021 оқу жылында ЮНЕСКО тәжірибесі мен материалдарын зерттеу және тарату мақсатында кафедра 12 іс-шараны жүргізіп, оларға қатысып, 2 әдістемелік құрал әзірледі; сондай-ақ ЮНЕСКО аясында Мәдениеттерді жақындастыру халықаралық орталығымен ынтымақтастықты жалғастырды.

Іс-шаралардың мақсаты – пандемия кезеңінде мұғалімдерді, әйелдерді қолдау бойынша ЮНЕСКО ұсынымдарын тарату, Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру мүмкіндіктерін зерттеу, профессорлар-оқытушылар құрамының кәсіби деңгейін арттыру, ЮНЕСКО-ның адамзаттың мәдени мұрасы, Конвенция және қолданыстағы тізімдер туралы ақпаратты тарату саласындағы қызметін қолдау:

1. 2020 жылғы 9 қаңтарда Абай атындағы ҚазҰПУ-да «Өзгеріп жатқан әлемдегі педагогикалық білім беру» қысқы мектебінің аясында университет оқытушылары, докторанттары мен магистранттары үшін Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан бойынша Алматы қаласындағы ЮНЕСКО кластерлік бюросы сарапшыларының қатысуымен «Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі білім беру» атты сессия өтті.

([https://www.kaznpu.kz/ru/10139/news/target= blank](https://www.kaznpu.kz/ru/10139/news/target=blank)).

2. Сайтта «Табиғи тәрбие» атты дүниежүзілік мәдени мұра тура мақала жарияланды (18.11.2020, https://kaznpu.kz/en/13478/press/docs/gazeta_abai/jurnal_july_2022.pdf)

3. 25.09.2020 жылы кафедраның ұйымдастыруымен университет басшылары мен профессорлар-оқытушылар құрамы «COVID-19 пандемиясы контекстінде оқушылар мен педагогтарға арналған АКТ-ны қолданумен бірге қашықтан білім беру мүмкіндіктері» атты 1 вебинарға (Бангкоктегі ЮНЕСКО кеңсесі ұйымдастырған) қатысты, аталған вебинар 2020 жылы «Орталық Азия мен оның шекарасынан тыс жерлерде COVID-19 пандемиясынан зардап шеккен ауылдық және шалғай аймақтарда АКТ-ны қолданумен бірге дағдыларды дамыту» атты Білім берудегі АКТ бойынша Орталық Азия виртуалдық симпозиумы (БАОАС) аясында өтті.

4. 09.12.2020 жылы кафедра қызметкері «Al-Farabi – Balasagun – Abai: gasyrlar undestigi» атты халықаралық форумда «Әл-Фараби, Баласағұни, Абайдың зияткерлік мұрасындағы «мінсіз адам» паттерні» тақырыбында баяндама жасады.

5. 2021 жылғы 15 қаңтар – Қашықтан білім беруді іске асырудағы халықаралық ЮНЕСКО тәсілдері.

6. 2021 жылғы 15 ақпан – «The Impact Ranking Times Higher Education – ТДМ тұрғысындағы әлем университеттері» атты онлайн вебинар (<https://kaznpu.kz/en/14972/news/>).

7. 2021 жылғы 5 наурыз – «Пандемияның әйел бейнесі» атты онлайн вебинар (https://kaznpu.kz/kz/15451/press/docs/gazeta_abai/jurnal_july_2022.pdf).

8. 2021 жылғы 10 сәуірде кафедра «Қазақстанның заманауи бейнелеу өнері» атты онлайн вебинар өткізді. Аталған іс-шара аясында Дизайн кафедрасы Педагогика және мұғалімдерді даярлау жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасымен бірлесіп 2 әдістемелік құрал әзірледі:

1) Портрет. СӨЖ және ОСӨЖ-ді орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар (5В042100 – «Дизайн» мамандығының студенттері үшін). Мамандық ХХІ ғасырдың ең маңызды дағдыларының бірі – сыни және креативті ойлау дағдысын қалыптастырады.

2) Сызбалар мен суреттемелер. СӨЖ және ОСӨЖ-ді орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар (5В042100 – «Дизайн» мамандығының студенттері үшін).

9. 2021 жылғы 20-28 сәуірде кафедра Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң «Медиасфера» гуманитарлық зерттеулер орталығымен бірлескен қашықтан медиа білім беру жобасының аясында «TELEGRAM-ПЕДАГОГИКА» атты онлайн біліктілікті арттыру курсының қоса ұйымдастырушысы болды.

10. 2021 жылғы 28 сәуірде кафедра ЖОО-лардың оқытушылары үшін «Қазақстандағы отбасы институты: қазіргі ахуалы мен мәселелері» тақырыбындағы қалалық онлайн вебинар өткізді (<https://www.kaznpu.kz/en/16596/news/>).

11. 2021 жылғы 8 мамырда кафедра «Рухани жаңғыру» орталығымен бірлесіп, студенттер арасында «Рухани жаңғыру: Жастардың өркениетке қадамы» атты талқылау өткізді.

12. 2021 жылғы 3 маусымда кафедра Ұлы Петр атындағы Санкт-Петербург политехникалық университетінің негізінде «Тұрақты даму. Әлемдік қиындықтар» атты конференцияға онлайн түрде қатысты.

13. 2021 жылғы 16-20 тамызда кафедра Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан бойынша Алматы қаласындағы ЮНЕСКО кластерлік бюросының қатысуымен, оқытушылар мен тренерлерге арналған «Қашықтан оқыту технологияларын пайдалану арқылы тұрақты даму мүддесі үшін білім беруді енгізу» атты онлайн-тренинг ұйымдастырды.

2021-2022 оқу жылы

2020-2021 оқу жылында басталған жұмыс 2021-2022 оқу жылында өз жалғасын тапты. Аталған кезеңде кафедра ТДМ 4-ті іске асыру мәселесіне көбірек назар аударды.

2021-2022 оқу жылында кафедра барлығы 14 іс-шара өткізді:

2 халықаралық конференция,

8 вебинар,

2 байқау,

1 форум,

1 тренинг.

2 құжат әзірленді: 1) 2021 жылғы 25 қарашадағы «Абай атындағы ҚазҰПУ» коммерциялық емес акционерлік қоғамының тұрақты даму саласындағы саясаты; 2) 2022 жылғы 23 тамыздағы Абай атындағы ҚазҰПУ-ның ТДМ саясатын іске асыру бағдарламасы.

Кафедра Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан бойынша Алматы қаласындағы ЮНЕСКО кластерлік бюросының жобасына қатысуда (жоба әлі де жалғасып жатыр).

2022 жылдың ерекшелігі – оқушылардың оқу сауаттылығы сапасын арттыру арқылы мектеп мұғалімдері мен жас педагогтарды ТДМ 4-ті іске асыруға тарту болды:

1. 2021 жылғы 29 қыркүйекте кафедра «Университеттердегі Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру» тақырыбында онлайн вебинар өткізді. Аталған іс-шара аяқталғаннан кейін 2021 жылғы 25 қарашада **«Абай атындағы ҚазҰПУ» коммерциялық емес акционерлік қоғамының тұрақты даму саласындағы саясаты** әзірленіп, бекітілді.

2. 2021 жылғы 9 қазанда кафедра Алматы қ. Білім беру басқармасының Қалалық білім берудегі жаңа технологиялар ғылыми-әдістемелік орталығымен, сондай-ақ «Педагогика және психология» журналының редакциясымен бірлесіп, Мұғалім күніне орайластырылған «Ұстаздың жанған жүрегі» атты онлайн форматтағы байқау өткізді (<https://www.kaznpu.kz/ru/18106/news/>).

3. 2021 жылғы 5 қарашада кафедра Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университетінің Көшбасшылық орталығымен бірлесіп, университет оқытушылары үшін «Білім берудегі көшбасшылық» атты біліктілікті аттыру курсына арналған онлайн вебинар өткізді. «Білім берудегі көшбасшылық» курсының мақсаты – ТДМ 4 және 8: сапалы білім беру, лайықты жұмыс және экономикалық өсім бағыттарында кадрларды даярлау болды (<https://www.kaznpu.kz/ru/18717/news/>).

4. 2021 жылғы 25 қарашада кафедраның қолдауымен Абай атындағы ҚазҰПУ Жаратылыстану және география институтында Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан бойынша Алматы қаласындағы ЮНЕСКО кластерлік бюросының қатысуымен Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30-жылдық мерейтойының құрметіне арналған «Жасыл университеттер: тұрақты даму аясындағы тәжірибе мен перспективалар»

атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Аталған жұмыстың нәтижесінде Абай атындағы ҚазҰПУ Жаратылыстану және география институты «Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ-ң 2022 жылға арналған климаттың өзгеруімен күресу бойынша әрекет жоспарын қабылдады

(https://www.kaznpu.kz/en/19394/news/docs/gazeta_abai/jurnal_july_2022.pdf).

5. 2021 жылғы 9-10 желтоқсанда Педагогика және мұғалімдерді даярлау жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасының, Turksoy Халықаралық түркі мәдениеті ұйымының қолдауымен және Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогика және психология институтының ұйымдастыруымен атақты қазақ ақын-импровизаторы Жамбыл Жабаевтың 175-жылдық мерейтойына орайластырылған «Ұлы Даланың Ұлы Алыбы» атты халықаралық форум өтті.

6. Алматы қаласы мұғалімдерінің оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту әдістемесі бойынша біліктілігін арттыру мақсатында кафедра «Тұрақты даму мақсаттары идеяларының аясында орта білім беру мазмұнын жаңарту» атты жалпы тақырыптағы **6 ашық дәріс пен вебинар** өткізді (14 наурыз, 7 сәуір, 18 сәуір, 26 сәуір, 14 мамыр, 17 маусым). Аталған тақырып бойынша 168 педагогикалық жұмыскер оқытылды. Тыңдаушылар ретінде Алматы қ. мектептері директорларының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, мектеп мұғалімдері (143 адам) және ТЖКБ оқытушылары (25 адам) қатысты.

2022 жылы ЖОО-лардың **360** педагогы мен студенті үшін барлығы **8 вебинар мен ашық дәрістер** өткізілді.

7. 01.06.2022 ж. Қазақстан мен Қырғызстанның жас мұғалімдері үшін «Тұрақты даму мен жаһандық азаматтылық мақсатындағы білім беру» атты халықаралық вебинар өткізілді. Алматы қаласындағы ЮНЕСКО Кластерлік бюросының білім беру бағдарламасы жөніндегі ұлттық маманы Алпысбаева Мейргүлдің қатысуымен өткен вебинарды Педагогика және мұғалімдерді даярлау жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасы ұйымдастырды. Вебинар «Жастар жастарға» атты жас мұғалімдер мен ғалымдарға арналған халықаралық қашықтан өткізілген байқаудың сырттай кезеңі аяқталған соң өткізілді.

8. 02-03.06.2022 ж. «Оқушылардың зияткерлік-танымдық белсенділігін дамыту» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда Педагогика және мұғалімдерді даярлау жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасының меңгерушісі «Оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын проблемалық-бағытталған оқыту негізінде дамыту» атты баяндама жасады.

9. 2022 жылғы 30 маусымда «РУХ» отбасы үйінің директоры Бекпан Алма Шынбергеновнамен кездесу өтті. Кездесу барысында Педагогика және мұғалімдерді даярлау жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасының меңгерушісі Халитова И.И. менталды бұзылыстары бар тұлғаларды әлеуметтендіру тәжірибесін зерттеу бойынша ынтымақтастық мүмкіндіктерін талқылап, Отбасы үйінің тұрғындары үшін коммуникация дағдыларын дамыту және себеп-салдар байланысын анықтау бойынша тренинг өткізді.

Кафедрада әзірленген құжаттар

1. 2021 жылғы 25 қарашадағы «Абай атындағы ҚазҰПУ» коммерциялық емес акционерлік қоғамының тұрақты даму саласындағы саясаты.
2. 2021 жылы ҚазҰПУ-дағы ТДМ-ны іске асыру бойынша есепті дайындау.
3. 23.08.2022 ж. ҚазҰПУ-дағы ТДМ-ны іске асыру бағдарламасы.
4. 2022 жылы ҚазҰПУ-дағы ТДМ-ны іске асыру бойынша есепті дайындау.
Дереккөзі: <https://www.kaznpu.kz/ru/2430/page/>

2022-2023 оқу жылының бірінші жарты жылдығы

2022-2023 оқу жылында 2022 күнтізбелік жылы басталған жұмыс жалғасын тапты.

2022-2023 оқу жылының бірінші жарты жылдығында кафедра келесі жұмысты атқарды:

- 2 халықаралық іс-шараны ұйымдастырып, жүргізді,
- 4 баяндама жасады,
- 3 мақала жариялады,
- ЮНЕСКО іс-шараларына қатысты.

Кафедраның халықаралық іс-шаралары:

Жоғары білім беруді трансформациялау жөніндегі саммиттің бастамаларын талқылау мақсатында 2023 жылғы 24 қаңтарда, Халықаралық білім беру күні Педагогика және мұғалімдерді даярлау жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасы ұйымдастырған «Тұрақты даму мүддесіндегі жоғары білім беруді трансформациялау» атты **халықаралық вебинар** өтті (<https://www.kaznpu.kz/kz/26379/press/>).

2022-2023 оқу жылының бірінші жарты жылдығында кафедра келесі іс-шараларды өткізді:

1. **1 ашық дәріс.** 2022 жылғы 24 қарашада «Алтын дәріс» атты халықаралық ағартушылық онлайн жобаның аясында Педагогика және мұғалімдерді даярлау жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасының менгерушісі онлайн режимде «Оқушылардың ішкі уәждемесімен жұмыс істеу: заманауи әдістер» атты дәріс оқыды. Дәріске 175 мұғалім мен студенттер қатысты. Жоба басшылары – Мәскеу педагогикалық мемлекеттік университетінің қоғамдық кеңесі.

2. 2023 жылғы 24 қаңтарда, Халықаралық білім беру күні кафедра «Тұрақты даму мүддесіндегі жоғары білім беруді трансформациялау» атты **халықаралық вебинар** өткізді (<https://www.kaznpu.kz/kz/26379/press/>).

Баяндамалар:

1. 2022 жылғы 17 қазанда мәдениет және тұрақты даму саласындағы ЮНЕСКО кафедраларының жұмысына арналған «Қазақстандағы ЮНЕСКО білім және ғылым отбасы» атты дөңгелек үстел өтті. Ұйымдастырушылары:

Қазақ-Неміс Университеті (ҚНУ), серіктестері: Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясы. Дөңгелек үстелге Абай атындағы ҚазҰПУ Стратегия, цифрландыру және интернационалдандыру жөніндегі проректоры, философия ғылымдарының докторы, профессор Кульсариева А.Т. қатысты, Педагогика және мұғалімдерді даярлау жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасының меңгерушісі Халитова И.И. кафедраның жетістіктері мен тұрақты даму мүддесіндегі білім беру саласындағы жұмыс жоспары туралы баяндама жасады.

2. 2022 жылғы 8 қарашада Педагогика және мұғалімдерді даярлау жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасының меңгерушісі Халитова И.И. «XXI ғасырдағы Орталық Азия елдері мәдениеттерінің тату көршілігі» атты халықаралық конференцияда «Тату көршілік мәдениетін тәрбиелеу және жаһандық азаматтылық рухында білім беру» тақырыбында баяндама жасады.

3. 2022 жылғы 16 қарашада серіктес ЖОО Қазан Федералдық (Приволждік) Университетімен (ҚФУ) ынтымақтастық аясында Татарстан Республикасы Педагогикалық жұмыскерлердің кәсіби шеберлігін үздіксіз арттыру орталығы және Приволждік аймақаралық білім беру жұмыскерлерінің біліктілігін арттыру және кәсіби қайта даярлау орталығы ұйымдастырған «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуды басқару» атты ғылыми-практикалық конференцияда Педагогика және мұғалімдерді даярлау жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасының меңгерушісі «Тұрақты даму мүддесіндегі білім беру аясында оқу сауаттылығы дағдыларын дамыту» тақырыбында баяндама жасады.

4. 2022 жылғы 15 желтоқсанда халықаралық адам құқықтары күніне орайластырылған «МедиаТДМ» журналистерді оқыту және даярлау платформасы» интеграциялық кездесуінде Педагогика және мұғалімдерді даярлау жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасының қызметі бойынша ақпараттық баяндама жасалды.

Мақалалар:

1. 7-8.10.2022 ж. «Әлемдік білім беру кеңістігіндегі трансұлттық өзара әрекеттестік» VI Орталық Азия халықаралық форумы халықаралық конференциясының жинағында «Жаңа білім беру парадигмасының талаптары» мақаласы жарияланды (Халитова И.И., Аманжолова Д.Б.) = «Транснациональное взаимодействие в глобальном образовательном пространстве» VI Центральнo-Азиатский международный форум = «Transnational Cooperation in the Global Educational Space» VI Central Asian International Forum: материалдар жинағы. – Алматы: IAAR, 2022. – С.113-119.

2. БҒССҚК ұсынған «Педагогика және психология» журналының 4-ші басылымында Татарстан Республикасы Педагогикалық жұмыскерлердің кәсіби шеберлігін үздіксіз арттыру орталығының директоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор Р.Ф. Шайхелисламовпен бірлесіп

жазылған «Оқушылардың оқ сауаттылығының деңгейін арттыру мүмкіндіктері» атты мақала мақұлданды.

3. «Білімді ел» атты республикалық газетінің 4-ші басылымында (31.01.2023 ж.) «Білім беруді трансформациялау туралы» мақала жарық көрді (<https://bilimdinews.kz/?p=227498>).

Кафедраның жобалық қызметі:

1. Кафедрада Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан бойынша Алматы қаласындағы ЮНЕСКО кластерлік бюросы сарапшыларының басшылығымен, «Өрлеу» «БАҰО» АҚФ Алматы қ. бойынша ПҚБАИ оқытушыларымен бірлесіп, жастарға арналған оқу құралын және мұғалімдерге арналған Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасы бойынша әдістемелік құралды әзірлеу бойынша жоба жүргізіліп жатыр. Жоба ЮНЕСКО-ның «Ауғанстан, Орталық Азия және Ирандағы Жібек жолы мұраларының дәліздері – Еуропалық мәдени мұра жылының халықаралық өлшемі» атты білім беру жобасының бір бөлігі болып табылады.

2. 2023 жылғы қаңтар айында кафедраға Алматы қаласындағы Қазақ-Неміс университетінен «Университеттердегі тұрақты өмір салты» UNEP жобасына қосылу бойынша ұсыныс келіп түсті. Университет басшылығы аталған жобаға қатысуды мақұлдады. Жоба оқу жылының екінші жарты жылдығында (мамыр айында) аяқталады.

ЮНЕСКО іс-шараларына қатысу:

Кафедра ЮНЕСКО-ның стратегияларын, бағдарламалары және құжаттамасын зерттеумен байланысты барлық ЮНЕСКО конференцияларына қатысады. Кафедра барлығы 12 іс-шараға қатысты: 9 онлайн конференция және 3 оффлайн іс-шара:

1. 2022 жылғы 6-7 қазанда Абай атындағы ҚазҰПУ Стратегия, цифрландыру және интернационалдандыру жөніндегі проректоры Кульсариева А.Т. және Педагогика және мұғалімдерді даярлау жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасының меңгерушісі Халитова И.И. Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан бойынша Алматы қаласындағы ЮНЕСКО кластерлік бюросы және Кәріс білім беру және зерттеу ақпараты қызметіндегі (KERIS) ЮНЕСКО серіктестері ұйымдастырған «Білім берудегі АКТ бойынша Орталық Азия симпозиумы (CASIE) 2022: ауылдық және шалғай аймақтарда АКТ-ны қолданумен бірге дағдыларды дамыту» іс-шарасына қатысты. Кездесуге 50 қатысушы, оның ішінде Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы және Түркменстан Республикасының білім министрліктерінің, даму және жеке секторының, халықаралық ұйымдар және білім беру мекемелерінің өкілдері қатысты.

2. 2022 жылғы 3-4 қарашада Францияның ЮНЕСКО істері жөніндегі ұлттық комитетінің қолдауымен ЮНЕСКО штаб-пәтерінде (Париж) УНИТВИН бағдарламасы/ЮНЕСКО кафедрасына арналған «Әділ

және тұрақты болашақ үшін білімді трансформациялау» тақырыбындағы мерейтойлық халықаралық ЮНЕСКО конференциясы өтті.

3. Кафедра ЮНЕСКО Жоғары білім беру секциясының «Жоғары білім беру туралы сұхбат: төтенше жағдайларда жоғары білім беру» вебинарына қатысты, 08.12.22, 14:00-15:00 (СЕТ).

Педагогика және мұғалімдерді даярлау жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасы қызметінің перспективалары

1. Тұрақты даму мүддесіндегі трансформациялық білім беру әдістерін көпшілікке тарату. Жоспарлы іс-шара: «Жастар жастарға» фестивалінің аясында жас мұғалімдерге арналған вебинар өткізу.

2. ТДМ бойынша студенттерге арналған медиалық ақпараттық ресурстарды жасау.

3. Абай атындағы ҚазҰПУ-ң профессорлар-оқытушылар құрамына арналған «Сапалы білім беру үшін бірінші курс студенттерінің оқу сауаттылығын дамыту және өлшеу» тренингін (16 сағ.) әзірлеу және өткізу.

4. Абай атындағы ҚазҰПУ-ң профессорлар-оқытушылар құрамына арналған «Сапалы білім беру үшін бірінші курс студенттерінің оқу сауаттылығын дамыту және өлшеу» тренингі бойынша әдістемелік құрал әзірлеу.

Болашақта Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогика және мұғалімдерді даярлау жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасы Абай атындағы ҚазҰПУ институттарын ТДМ 4-ке және жалпы ТДМ мүддесіндегі білім беру міндеттеріне қол жеткізуге қажетті трансверсальді дағдыларды дамытуға бағытталған бағдарламалар мен курстарды әзірлеуге көбірек жұмылдыруды жоспарлайды.